

Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы

Өткізу күні: 28 қараша

Өткізу орны: Музыка залы

Уақыты: 14:00

Кенес төрайымы: Қ.Д.Бақтыбаева

Хатшы: М.К.Сарина

Күн тәртібінде:

1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау Абжанова Г.М.
2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика.
3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті. Курумбаева Х.А.

Қатысқандар:

1. Утепова А.Н.
2. Халиманова Ж.Ә.
3. Каппарова А.Ж.
4. Бодаубекова Ш.А.

Тындалды:

Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшесі тәжірибелі тәрбиеші Курумбаева Х.А. сөйледі. Ол кеңеске қатысушыларды жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормалар сақтау туралы жалпы ережелермен таныстырып өтті.

«Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау»-бүгінгі цифрлық заманда әр педагогпен ата-ананың, оқушының назар аударуы тиіс маңызды мәселе. Жеке өмірге қол сұқпау- ҚР Конституциясында, «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» және «Педагог мәртебесі туралы» заңдарында бекітілген.

-Кез келген фото немесе бейне-адамның келісімінсіз жарияланбауы тиіс (ересек те, бала да). Ата-анасының немесе заңды өкілінің жазбаша келісімі болмаса, баланың фотосын, бейнежазбасын интернетке жариялауға тыйым салынады.

-Бұл талаптар Бала құқықтары туралы конвенцияға және ҚР заңдарына негізделеді.

-Әсіресе мектеп ішіндегі іс-шаралардан түсірілген видеоларды әлеуметтік желіге салғанда өте мұқият болу қажет. Педагог этикасы және әлеуметтік желі.

-Педагогтердің өздерінің немесе әріптестерінің, балалардың бейнелері мен фотосуреттерін желіге жүктегенде, балабақшаның беделіне нұқсан келтірмейтіндей сипатта болуы тиіс.

-Фотоны жүктемес бұрын:

-Жеке рұқсат алынды ма?

-Киім үлгісі, қимыл, орта қандай?

-Жұрт назарына лайық па?

Цифрлық сауаттылық пен этика-әр мұғалімнің жауапкершілік пен сенімділік көрсеткіші.

Сурет пен бейне- тек ақпарат емес, ол қоғамдық әсер құралы, сондықтан оны бөлісу де үлкен жауапкершілікпен жүруі кере деп санаймын.

Тындалды:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша «Педагогикалық әдеп және педагогикалық этика» Абжанова Г.М. сөз алды. Педагогикалық әдеп және педагогикалық этика-бұл педагогтің күнделікті жұмыста балалармен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынасында басшылықта алатын басты қағидаларының жиынтығы.

Шешім қабылданды:


1. Педагогтерге жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау ұсыныларды.

2.Педагогикалық әдеп және педагогикалық этика ережелерін басшылыққа алып жұмыс жасау ұсынылды.

3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті ережелеріне сәйкес әрбір педагог өзінің сөйлеу мәнері мен дауыс ырғағын әрдайым бақылауда ұстау ұсынылады.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



Қ.Д.Бактыбаева
М.К.Сарина